Данная письмо заверено электронной цифровой подписи.

ИП Бижанова Анда Нурмаханбетовна

ИИН 900220401178
ИИК KZ92965T16120267525 1
БИК IRTYKZKA
Адрес: г.Шымкент, мкр. Наурыз, ул. ЖАНА АРКА, 7
Тел:8-775-113-99-99

08.09.2021ж.

Шымкент қаласы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің басшысы
Е.Маранмовқа

Шағым хат

Ұйымдастырушы әрі тапсырыс беруші - Шымкент қаласының білім басқармасының "№132 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - мектеп) электрондық мемлекеттік сатып алу үшін вэб-порталында «Конкурс по приобретению услуг по организации питания воспитанников и обучающихся» мемлекеттік сатып алу бойынша 6170168-1 хабарландыру орналастырған.

Жалпы, мектепте барлық тәрбиеленушілер мен білім алушылар саны 1011 бала болса, соның ішінде, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын тәрбиеленушілер мен білім алушылар саны 170 баланы құрайды.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Қағиданың 20-тармағына сәйкес, 651-ден 1500-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 3 аспаз, 4 ас үй жұмысшысы білікті мамандарды ұсыну кажет еді.

Қағиданың 7-қосымшасының түсіндірмесіне сүйенсек 4, 5, 6-тармақтар бойынша әлеуетті өнім беруші өтінім берген сәтте ҚР Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлердің еңбек қызметін, "Білім туралы" ҚР Заңына сәйкес кәсіптік білімі туралы құжаттарды, разрядын растайтын, сондай-ақ маманның жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін ұсынған кезде тиісті балдар қойылады.

Еңбек кодексінің 35-бап. Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттар

Мына құжаттардың кез келгені:

1) еңбек кітапшасы;

2) тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;

3) еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;

4) жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;

5) жұмыс беруші қол қойған және мөрімен (ол болған кезде) растаған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

6) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер;

7) жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;

7-1) дуальды оқыту туралы шарт;

8) жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;

9) еңбек қатынастарының болуын растайтын заңды фактіні анықтау туралы соттың заңды күшіне енген шешімі жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат болып табылады.

ИП-Б-345/1
08.09.2021

09.09.2021 Копия электронного документа

Данная письмо заверено электронной цифровой подписи.

Мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы болып танылған ИП Бейсебаеваның конкурстық өтінімінде еңбек ресустарын растау бөлігінде жұмыскерлермен еңбек шарты ұсынылғанмен еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелері ұсынылмаған.

Яғни ҚР Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлердің еңбек қызметін растайтын құжаттар толық ұсынылмағандықтан азпаз маманы үшін 10, диетолог маманы үшін 1, технолог маманы үшін 2 бал конкурстық комиссия мүшелері тарапынан берілмеуі тиіс еді.

Қағиданың 72 тармағына сай әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмесе конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Қағиданың 72 тармағына сай ЖК Бейсебаеваның конкурстық өтінімі еңбек ресурстарын растаушы құжатары болмауына байланысты (кемінде 3 аспаз, 4 ас үй жұмысшысы білікті мамандар) конкурсқа қатысуға жіберілмеуі тиіс еді.

Екінші орын алған әлеуетті өнім беруші Жолтаева С.Б-ға **қызмет көрсету нарығында соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесіне конкурстық комиссия мүшелері тарапынан 4 бал қойылған.**

Қағиданың 7-қосымшасының түсіндірмесіне сүйенсек 1-тармақ бойынша ағымдағы жылдың алдындағы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы:

мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен, осы шарттардың орындалуының соңғы айы үшін көрсетілген қызметтер актілерімен және **шот-фактуралармен,** мемлекеттік заңды тұлғалардың асханаларын мүліктік жалдау (жалға беру) шарттарының көшірмелерімен расталады;

ЖК Жолтаева С.Б. өзінің конкурстық өтінімінде 2016,2017,2018,2019 жылдары үшін шот-фактура ұсынбағандықтан **конкурстық комиссия мүшелері тарапынан жұмыс тәжірибесіне 4 бал қойылмауы тиіс еді.**

Сонымен қатар, әлеуетті өнім беруші ретінде Бізді, яғни "БИЖАНОВА" ЖК өткен 5 жылда көрсетілген қызмет көрсету нарығындағы қызметтердің көлемін конкурсты ұйымдастыру тарапынан әдейі 4 балл қойып төмендеткен.

Сізден жоғарыда аталғандар негізінде конкурстық комиссия шешімін қайта қарауыңызды сұранамын.

ЖК Бижанова Аида Нурмаханбетовна_____

09.09.2021 Копия электронного документа